

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BANJ1452>

***А. О. Абдырова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*e-mail: abdyrova77@mail.ru

ҒАЛЫМ Қ. П. ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада белгілі әдебиеттанушы, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің іргетасын нығайтушы әдіскер, ғалым Қ. Жүсіптің еңбектерінің қазіргі әдебиеттану саласындағы өзіндік орны, ерекшелігі сөз болып, ғалым-жазушының көркем туындылары тіліндегі әдеби теориялық құбылыстар талданып, баяндалады. Жазушының көркем туындыларының әдеби тілдік қолданыстарындағы типологиялық байланыс түрлері, тартыс негіздері екішелеген. Аталған мақалада, сонымен қабат жазушының белгілі бір ортадағы жастардың қарым-қатынасы, олардың мінез-құлықтық ерекшеліктері, психологиялық өзгешеліктерін шебер тілмен суреттеуі де қарастырылған. Жазушының көркем шығармаларындағы студент жастардың психологиялық ойлау деңгейлері, белгілі ортада қалай ұстанымдық көрсету түрліліктері де әдеби-теориялық негізде талданады. Сонымен қатар, мақалада жазушының тіл қолдану шеберлігі де талдауға түсіп, әдеби тартыс, әдеби портрет, кейіпкердің мінезі, әдеби ұстаным, әдеби толғаныс, әдеби суреттеу, әдеби тартыс, әдеби негіздеме, қарым-қатынас негіздеме, т.б. әдеби стильдік қызмет түрлерін нақты белгілеу де қамтылған. Мақалада жазушы Қ. П. Жүсіп көркем туындыларында шебер қолданылған әдеби суреттеме, жазушының реалистік өмірді көрсетуінің бірден-бір айғағы ретінде алынған. Жазушының жастардың ішкі жан-дүниесін дөп басып суреттей білуі, оның жастардың психологиясын жетік білетіндігі, жас студенттердің өмір сүру тәжірибесінен мол хабардар екендігі де баяндалады.

Кілтті сөздер: теориялық құбылыстар, көркем туынды, әдеби тенденция, типологиялық байланыс, психологиялық ойлау, әдеби толғаныс, әдеби тартыс, әдеби мінез.

Кіріспе

Ғалым Қ. П. Жүсіпті кітап сүйер қауым шебер тілді жазушы ретінде танып, жылы қабылдаған. Ғалымның көптеген әңгімелері мен кесек туынды шығармалары жарыққа шығып, студенттер мен оқырмандардың жүрегіне ыстық ықыласты жол тапқан. Ғалымның өткен ғұмырына көз жіберіп, ой толғатсақ, онда 1979 жылдан – КСРО Жазушылар одағының, 1992 жылдан – Қазақстан жазушылар одағының мүшесі болып қабылданған. Талантты жазушы ретінде университет қабырғасында оқып жүрген мезгілде бірнеше көркем шығармалар жариялаған. Арнайы түрде кесек шығармаларына тоқталсақ, онда: «Бір әйелдің өмірі» – 1975 ж., «Армандастар» – 1979 ж., «Қыздар, жігіттер» – 1981 ж., «Однокурсники» – 1989 ж. т.б. көркем туындыларына еріксіз тоқталамыз. Ғалым Қ. Жүсіп тек қара сөзбен көркем туындыларды ғана көпшілікке ұсынған жоқ. Жазушының қазақ драмасына да қосқан елеулі үлесі бар. Мәселен, «Ұл мен қыз» пьесасы Абай атындағы Семей музыкалық драма театрында 1980-1996 жылдар аралығында қойылып, көрермендер арасында қызу талдауға түсті. Әсіресе студенттер арасында іздеп жүріп, арнайы көретін сүйікті қойылымына айналған, жаз айындағы гастроль кезінде аталған пьеса – Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Қарағанды облысының ауылдарының бәрінде дерлік қойылып, халық жаппай тамашалаған. Сонымен қатар 2011 жылы ғалым Қ. Жүсіптің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ұл мен қыз» пьесасы Павлодар қаласындағы Ж. Аймауытов атындағы облыстық драма театрында қойылып, көрермен халықтың көңілінен шықты. Егер әдебиеттің көркем тілдік ерекшелігіне назар аударсақ, онда Қ. П. Жүсіп көркем шығармаларының шынайы өмірді суреттегеніне тоқталамыз. Себебі жазушы ешқандай боямалы, әсіре суреттеуден мүлдем аулақ екендігіне көз жеткізе түсеміз. Жазушының кез келген көркем туындысының тіліне үңілер болсақ, онда қарапайым кейіпкерлер тілі, образ сомдалу жолдарында қарапайымдылықтың терең ізі жатыр. Ашып айтсақ, кейіпкер тілі де қарапайым өмірдегі адамдардың қарым-қатынасын көз алдымызға сол күйде боямасыз алып келеді. Жазушы шеберлігінің бір ұшы оның оқиғаны қарапайым түрде баяндауында жатса керек. Тағы бір назар аударарлық мәселе, жазушы тек қарапайымдылықпен шектелмейді. Оның шығармалар тілінде қолданылған қарапайым тәсіл үнемі даму үстінде болады. Жазушы тіліндегі мұндай үдеріс туралы ғалым Қ. Мұхамедханов: «Жазушы Қ. Жүсіпов өз көркем шығармаларында қазақи дәстүрді кеңінен ұстанып, сәтті пайдалана білген. Ол қазақтың поэтикалық тілінің бұрынғы дәстүр - нормаларын жетілдіру, түрлендіру, кеңейту жолдарында орасан зор еңбек еткен. Оның шығармалары тіліндегі поэтикалық көріктеудің жаңа амалдары, соны құралдары оқырманға тың ойлар тудырып, шығарманы тереңірек оқи түсуіне жол ашады. Мысалы, мақал-мәтелдерді халық

тіліндегі қалпында жұмсаумен қатар, жаңғыртып, өзгерте қолдану арқылы қосымша рең, мағына туғызып, айтар ойды шешендікпен жеткізе білген», – дейді [1,47]. Жазушы көркем туындылары мазмұнының қаншалықты мәнді, тартымды екендігіне оларды оқи отырып көз жеткізсек, шығарманың әдеби құндылығына, суреткерлік шеберлігіне, сөз саптау ерекшелігіне шығарма тілін талдау барысында түсіне аламыз. Нақты айтсақ, онда алдымен әдебиеттану ғылымындағы әдеби тенденцияға назар аударамыз. Бұл автордың өзі бейнелеп отырған өмір шындығына деген идеялық-эмоциялық қарым-қатынасы, образдар жүйесі арқылы берілген маңызды мәселелерді ой елегінен өткізу немесе бағамдау болып танылады. Мұндай әдеби ұстаным тек, Қ. Жүсіп еңбектеріне ғана тән болып келетіндігіне ешкім шек келтіре қоймайды. Әдеби тенденция және типологиялық байланыс ерекшеліктері туралы сөз қозғаған ғалым Қ. Мұхамедханов еңбектерінен таныса аламыз. «Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас» (Астана, 2009). Әдеби контраст, әдеби мимика туралы мағұлматтармен белгілі орыс әдебиеттанушысы Ю. М. Лотманның «Анализ поэтического текста» (Ленинград, 1972) еңбегі арқылы білеміз. Әдеби портрет, әдеби толғаныс жөнінде ғалымдар М. Серғалиев «Стилистика негіздері» (Астана, 2009), Р. Сыздық «Сөз құдіреті» (Алматы, 1998) еңбектері арқылы кеңінен танып білеміз.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Жазушы шеберлігінің тағы бір ерекше қыры көркем шығармадағы оқиғалардың шиеленісе түсуімен де тығыз байланыста болып келеді. Көркем туындыдағы оқиғаның шиеленісін диалог арқылы ұтымды жеткізе әрі өрбiте білгенін аңғаруға болады. Нақты айтсақ, онда әр кейіпкерінің жүріс-тұрысы бір-біріне мүлде ұқсамайтындығы арқылы көрінеді. Кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын суреттеу – оның образын ашуда таптырмас тәсіл түрі екендігі белгілі. Әдебиеттанушы Ю. Лотман: «Әдеби тілді екіге бөліп қарастыра аламыз. Оның біріншісі – адамның өзінің кәдімгі тілі болса, екіншісі – дене қимылының тілі болып келеді», – дейді [2, 62]. Проза қаһармандарының жүрісі, қимылы мінез ерекшелігін ашып тұрғандай. Мәселен, романдағы кейіпкерлердің бірі – Гүлинаның жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі баяу қимылдайтын, аңғалдау адамның кейпін көз алдымызға әкелсе, оған қарама-қарсы (контраст) Райгүлдің жарқырап, ерекше көзге түсіп, жайдары, үнемі көңілді жүруі – өмірдегі ашық, батыл, шұғыл әрекеттерге ойланбай бара алатындығын аңғарамыз. Гүлинаның Сейіл әңгімесін «аузын аша» тыңдауы – оның сенгіштік мінезінің белгісі. Ал Сейілдің «жылмаңдап келіп қалуы» – Сейіл мінезінің бір қырын танытып қана қоймайды, сонымен қатар Рүстемнің оны ұнатпайтындығын аңғартады. Райгүлдің «жарқ етіп» шыға келуі, Рүстемнің тұрысы «телміре, тесірейе қалшиған» түрінде берілуі кейіпкерлердің ішкі сезім иірімдерінен хабар береді. Жазушы

шығармаларындағы мұндай тілдік ерекшеліктер туралы ғалым М. Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу тілінің экстралингвистикалық белсенді бір түріне бет-пішін, дене қимылы, бас шұлғу, иық қағу сияқты әрекеттер де жатады. Мұның өзі бір қарағанда, музыкалық аспаптардың айтылып жатқан әнді сүйемелдегендей әсер береді» [3, 62], – дейді. Жазушының бұл туындысында тағы да талқыға түсер ерекшелік – мимиканы, яғни адамның бет-бейнесінің, дене қозғалысының кейіпкер сөздерімен үйлесе қолданылуында да жатыр. Нақты айтсақ, кейіпкерлердің өзара сөйлесу немесе авторлық баяндау барысында дене қимылдарының көп ретте артықшылық ететіндігі жайында айтады. Мәтінде сөйлеу әрекеті кезіндегі дене қимылдары табиғи қалпында берілсе, көркемдігін ажарлай түседі. Аталған әдеби қолданыс тұрғысында шетелдік белгілі әдебиеттанушы Ю. М. Лотман өзінің «Язык как материал литературы» атты әйгілі еңбегінде: «Тіл мен пішіндік құбылу негізінен бір құбылыс. Оның өзіндік ой жеткізу құдіреті ерекше», – деп көрсетеді [2, 62], – дейді. Нақты тоқталсақ, онда:

«...жайтандап Қарлығаш кіріп келді», «...Жайраңдап Райгүл енді...», «...жалмандап Сейіт кірді...» т.б. Сонымен көркем шығарма тілінде кейіпкердің қимыл әрекетімен сөйлеу ерекшелігінің тұтасып берілуі де образдың шынайы сомдалуына ерекше қызмет ететіндігіне көз жеткізе аламыз. Сонымен қабат мимикалық ерекшелік - көркем шығармада кейіпкер образын ашуды белсенді қызмет атқарады. Тағы бір мысал алсақ: «Әбіш салған жерден салдырлап:

– Айшаның жолын жумаймыз ба? – деді...». Көркем шығармадағы мұндай тәсілдердің шебер түрде қолданылуына ғалым Р. Сыздық: «затты» тек белгісі емес, қимыл, іс-әрекеті де бейнелі түрде сипатталуы мүмкін», - дей келе, көсемше тұлғасының іс-әрекеттің сынын бейнелеуін экспрессоид деп бағалаған. Қаламгердің сөз саптауында қолданылған «Экспрессоид – белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған, оқырманға әсер ететін, экспрессиялы сөздер немесе тұлғалар, тіркестер А. Байтұрсынов еңбектерінде, «Адамның көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіретін сөздер» деп берілген [3, 32].

Қаламгер туындыларындағы кейіпкерге қатысты іс-әрекетті, қимылды білдіретін боямалы суретті сөздер баяндаудың, суреттеудің шынайылығын нығайтқан. Мысалы:

– Мен ондайды естімеп едім, – деді Рүстем міңгірлеп...
– Семинарға дайындалып біттің бе? – деді Рүстем абыржып..
– Ол кісі бір қаланың мынау деген мықтысы, – деп, бас бармағын шошайтты Қарлығаш.

– Қарлығаш, сен қандай бақыттысың! – Гүлина көздері шоқтана жайнай түсіп. Гүлинаның Кәкітай сезіміне тұрақсыздығының дәлелі, яғни мансап пен байлықты көздейтіндігі көрінеді.

Көркем әдебиет қоғамдық өмір қалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым – қатынастар мен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тән тілдік элементтерге иек артады. Мұндай тілдік ерекшеліктер көркем шығармада ортақ кәсібі мен тұрған жері, өскен ортасы т.б. жағдайлар біріктірген адамдар тобының әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылатыны айқын. Көркем шығармада шынайы образ сомдауға әкелетін көптеген әдеби амал – тәсілдер қатарында адамға тән түрлі мінез ерекшеліктері мен оның қалтарыстарын шебер түрде жеткізе білу көрсету жазушы үшін ерекше маңызды болып келеді. Нақты тоқталсақ, онда сол шеберліктің бір қыры – шығармадағы кейіпкер тілін «шынайы» қалпында пайдалану. Қаламгердің еңбектерінде берілген кез келген кейіпкер ерекше түрде сомдалған, қырланған, мүсінделген. Сонымен қатар қоғамдағы өзі етене араласқан әлеуметтік топпен қарам-қатынастық байланысқа түскенде, өзі өмір сүріп жатқан ортасы ағынан сөйлей алатын образдық пішіні де шынайы бейнеленген. Қаламгер еңбектеріндегі әрбір кейіпкер өзінің жеке сыр-сипат сынын ешқандай әсірелеу, боямасыз түрде, келбеті мен бітім болмысынан, білімі мен қабілеті, хабар беру, сөйлеу тілі арқылы айқын таныта білген. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі – шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүние танымы мен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген-білгені мен оқып-түйгенінен туған адамгершілік ұстанымы бар образ сомдауы жазушы ескертін ерекше жағдай ретінде танылады.

Нәтижелер және талқылау

Тіршілік иірімдеріндегі адамдар тағдырын бейнелеп, образдар галереясындағы олардың қайталанбас портреттерін жасау үшін жазушы кейіпкердің жеке басына тән барлық белгіні асқан сезімталдықпен айқын көрсете білген. Аталған әдеби белгілердің қатарына тілдік құралдар да енгіземіз. Сонымен қабат адам баласының бойына ана сүті, әке өсиетімен даритын ұлттық ерекшеліктерінен бастап, мекен еткен жері мен кәсібін байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ жас ерекшелігі мен әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейі, осы айтылғандарға қатысты сөз саптауындағы тілдік ерекшеліктер үнемі жазушы назарында болған. Тағы бір ескерерлік жағдай, шығармада бейнеленген әр адамның жеке сөйлеу мәнеріндегі индивидтік ерекшеліктер де образ сомдаудағы ең қажетті құралдардың бірі болып табылады.

Р. Сыздық: «Тегінде кейіпкер сөзі дегеніміз – қаһармандардың әйтеуір сөйлей салу үшін ғана емес, сол сөйлеуші (сөйлесуші) адамдардың ішкі

жай-күйін, тіпті болмағанда, қаға беріс бір мінез-құлқын аңғартарлық, сөйтіп геройдың толыққанды бейнесін айқындап, толықтырарлық мақсатта болғаны жөн», деп көрсетеді [4, 132].

Қ. П. Жүсіп шеберлігіне оның шығармаларындағы кейіпкер тілі арқылы оның толық қанды образын тудыра білуіне тәнті боламыз. Жазушы адамның кескін-келбетін және оның сөйлеу мәнерін шебер түрде топтастыра білген. Қаламгердің образ сомдау тәсілі ешкімді қайталамайтын жеке өзіндік сарынға иегер болып келеді. Мәселен:

Әйел мамырлай басып төрге өтті:

– Ой, жүрегім қағып кетті ме? Өне, маған сәл нервничать етуге болмайды деймін ғой. Қызым, бері кел, мұнда жұмсақ кресло бар. Ә-ә, қысылма айналайын, бұл Садуақасжанның бөлмесі ғой. Садуақасқа арналған хрусталь ыдыстарды да бөлек сақтаймын. Арзан, жілігі татымайтын қоқыр-соқырды жек көрерім жоқ. Мен не алсам да ерекшесінен, қымбатынан комплектісімен алам. Осы үйдегі ағанды да асыл бұйым жинауға мен үйреттім. Бір рет астанаға жіберсем, бір ауыр, арзан, нашар қолды кілем алып кепті. Әй, бір сыбағасын бердім. Қалқам, әкең не боп істейді?»

Шығармадағы оқиға барысында Садуақас шешесінің дүниеқоңыз, мансапқор, менмен адам екендігі өз сөзі арқылы айқын сезіледі. Кейіпкердің өзіне, өміріне риза екендігі және оның «Мамырлай» басуы сыртқы келбетін ғана емес ішкі дүниесінен де «Токмейілсіген» жайынан да хабар беріп тұр. Сонымен қатар жазушы адамдар психологиясын жетік меңгергендігін келесі эпизодтан айқын аңғарамыз. Мәселен, оның ұлының Қарлығашты өзімен таныстыруға әкелгенін біле тұра, көрші қызды, оның әкесінің беделін мақтауы кейіпкердің жеке келбетін, мінез ерекшелігін айқын ашқан. Садуақас шешесінің толық бейнесі кейіпкердің өз сөзі арқылы сомдалып, ашылады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, майталман жазушы Қ. П. Жүсіптің романдары мен драмалық шығармаларын оқығанда баяндалған оқиғадағы өмірдің иірімдері мен тіршіліктің бұралаң жолдары көз алдымызға елестеп, онда қайнаған тіршілік ортасына қалай еніп, бойлап кеткенімізді аңғармай қаламыз. Бұл да бір жазушының шеберлік қырының тылсымды тұстары болса керек. Қаламгердің қаламынан туындаған еңбектер шынайы өмірдің ағымдарын толғаныспен бейнелейді. Жазушы жанының пәктігі, ар тазалығы, адамдардың «тамаша ғұмыр» кешуге деген талпынысы арқылы толықтай суреттемелер арқылы берілген. Автордың өз еңбектерінде кейіпкерлерімен қабаттаса жүргендігін, оның жақсылық үшін кейіпкерлермен қоса арпалысын, шығарманы оқу барысында аңғарамыз. Тәнті боламыз. Бұл ерекшелік те қаламгер шеберлігінің бір қыры болса керек. Ұстаздық пен жазушылықты қатар алып жүру, өзі етене араласқан студенттік өмірдің иірімдерін жете

зерттеу де жазушының ой ұшқырлығы, еңбекқорлығы мен ізденгіштігінің нәтижесі болса керек.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Мұхаметханов, Қ.** Шәкәрім мен Қайым. Тағдырлас : Монография [Текст]. – Астана, 2009. – 330 б.
- 2 **Лотман, Ю. М.** Поэтикалық мәгінді талдау [Текст]. – Ленинград, 1972. – 258 б.
- 3 **Серғалиев, М.** Стилистика негіздері : Монография [Текст]. – Астана, 2009. – 250 б.
- 4 **Сыздық, Р.** Сөз құдіреті : Монография [Текст]. – Алматы, 2005. – 271 б.
- 5 **Жүсіп, Қ. П.** Қыз – жігіттер. – Павлодар, 2010. – 278 б.
- 6 **Жүсіп, Қ. П.** Армандастар. – Алматы, 1989 – 238 б.
- 7 **Жүсіп, Қ. П.** Армысың, гүл Көктем! // Семей таңы. – № 87. – 1 май 1972 ж. – Б. 2.
- 8 **Жүсіп, Қ. П.** Өлең сөздің патшасы. – Алматы, 1991. – 247 б.
- 9 **Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 2011. – 356 б.
- 10 **Жүсіп, Қ. П.** Көркем сөздің құдіреті. – Павлодар, 2000. – 288 б.
- 11 **Қ. П. Жүсіптің 80-жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары.** – Павлодар, 2021. – 668 б.

References

- 1 **Muhamethanov, D.** Shákárim men Qayım. Tağdyrlas : [Shakarim and Kayim. Monografia] [Text]. – Astana, 2009. – 330 p.
- 2 **Lotman, Iy. M.** Poetikalyq má tind i taldaý [Analysis of the poetic text] [Text]. – Leningrad, 1972. – 258 b.
- 3 **Serǵaliev, M.** Stilisika negizderi: Monografia [Basics of stylistics: Monograph] [Text]. – Astana, 2009. – 250 p.
- 4 **Syzdyq, R.** Sóz qudireti : Monografia [Word : Monograph] [Text]. – Almaty, 2005. – 271 b.
- 5 **Júsip, Q. P.** Qyz – jigitter [Girls-guys] [Text]. – Pavlodar, 2010. – 278 p.
- 6 **Júsip Q. P.** Armandastar [Dreamers] [Text] – Almaty, 1989 – 238 p.
- 7 **Júsip, Q. P.** Armysyń, gúl Kóktem! // [Dream, spring flower! // Semipalatinsk morning] [Text] Semei tańy. – № 87. – 1 mai 1972 j. P. 2
- 8 **Júsip, Q. P.** Óleń sózd iń patshasy [Song is the king of the word] [Text]. – Almaty, 1991. – 247 b.

9 **Júsip, Q. P.** Qazaq lirıkasyndaǵy stil jáne beinelililik [Style and imagery in Kazakh lyrics] [Text]. – Pavlodar. 2011 – 356 p.

10 **Júsip, Q. P.** Kórkem sózdiń qudireti [The meaning of the artistic word] [Text]. – Pavlodar, 2000. – 288 p.

11 Q. P. Júsiptiń 80-jyldyǵyna arnalǵan halyqaralyq ǵylymı konferensia materialdary [Q. P. Materials of the international scientific conference dedicated to the 80th anniversary of Joseph] [Text]. – Pavlodar, 2021. – 668 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*А. О. Абдырова

Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ПРОИЗВЕДЕНИЯ УЧЕНОГО К. П. ЖУСИПА И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ

Статья рассматриваются специфика, местовластисовременного литературоведения, произведений известного литературоведа, методиста, укрепляющего фундамент методики преподавания казахской литературы К. Жусупа, анализируются и излагаются литературные теоретические явления в языке художественных произведений ученого-писателя. Выделены типы типологических связей, основы конфликта в литературном языковом использовании художественных произведений писателя. В данной статье также рассматривается умение писателя изобразить умелым языком взаимоотношения молодых людей в определенной среде, их поведенческие особенности, психологические особенности. На литературно-теоретической основе анализируются также уровни психологического мышления студенческой молодежи в художественных произведениях писателя, разнообразие представлений о том, как в определенной среде. Кроме того, в статье проанализировано мастерство писателя в использовании языка, а также четко обозначены виды литературной стилизованной деятельности, такие как литературный спор, литературный портрет, характер персонажа, литературная позиция, литературное размышление, литературная иллюстрация, литературная борьба, литературное обоснование, обоснование общения и т. д. Литературные иллюстрации, искусно использованные в художественных произведениях писателя К. Жусупа, взяты из статьи как единственное свидетельство проявления писателем реалистической

жизни. Также отмечается, что писатель умеет описывать внутреннюю жизнь молодежи, в совершенстве владеет психологией молодежи, хорошо осведомлен о жизненном опыте молодых студентов.

Ключевые слова: теоретические явления, художественное произведение, литературная тенденция, типологическая коммуникация, психологическое мышление, литературное созерцание, литературная борьба, литературное поведение.

*А. О. Abdyrova

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 13.03.23.

WORKS OF THE SCIENTIST K. P. ZHUSIP AND CURRENT PROBLEMS

The article discusses the specific place and specifics of the works of the famous literary critic, methodologist K. Zhusip, who strengthens the foundations of the methods of teaching Kazakh literature in the field of modern literary studies, analyzes and describes literary theoretical phenomena in the language of the works of the scientist-writer: The types of typological connections in the literary language uses of the writer's works of art, the basics of conflict are highlighted. This article also provides a masterful description of the relationship of young people in a particular environment, their behavioral characteristics, and psychological differences. The levels of psychological thinking of student youth in the writer's works of art, as well as the variety of positions in a particular environment are analyzed on a literary and theoretical basis. In addition, the article also analyzes the skills of the writer in the use of language, includes a clear definition of literary style activities, such as literary conflict, literary portrait, character of the hero, literary position, literary reflection, literary description, literary dispute, literary justification, justification of communication, etc. In the article, literary descriptions skillfully used in the works of the writer K. Zhusup are taken as the only evidence of the writer's demonstration of realistic life. It is also noted that the writer is able to describe the inner world of young people, that he is well versed in the psychology of youth, that he is well aware of the life experience of young students.

Keywords: the field of literary criticism, theoretical phenomena, artistic creation, literary trend, typological connection, psychological thinking, literary reflection, literary conflict.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz